

Оқу құралына
2025 жылғы «1» желтоқсандағы №594
ғылыми-медициналық сараптаманың қорытындысы

Қажетті параметр (бағалау критерийі)	Ақпараттың болуы (өлшемшартқа және белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы ақпарат)
Қолжазбаның атауы	«Псориаз» оқу құралы
Болжамды таралым	100 дана
Шығарылған жылы	2025
Автордың (авторлардың) тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми дәрежесі мен атағы, жұмыс орны, лауазымы	Г.Р. Батпенова – медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Астана медицина университеті» КЕАҚ дерматовенерология және дерматокосметология кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің және Астана қаласы Денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс бас дерматовенерологы, Қазақстан дерматовенерологтар және дерматокосметологтар қауымдастығының президенті. Л.С. Круглова – медицина ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Федерациясы Президенті Іс басқармасы жанындағы ФГБУ ДПО «Орталық мемлекеттік медициналық академиясы» дерматовенерология және косметология кафедрасының меңгерушісі, оқу ісі жөніндегі проректор. Г.З. Туир – медицина ғылымдарының кандидаты, «Астана медицина университеті» КЕАҚ дерматовенерология және дерматокосметология кафедрасының доценті. Т.О. Алгазина – PhD, «Астана медицина университеті» КЕАҚ дерматовенерология және дерматокосметология кафедрасының доценті.
Рецензенттер	1. Г.К. Аскарова – ДСЖМ Қазақстан Медициналық Университеті, дерматовенерология – курсының меңгерушісі, медицина ғылымының докторы, профессор. 2. А.А. Толыбекова – Қазақ-Ресей Медициналық Университеті, дерматовенерология кафедрасының меңгерушісі, медицина ғылымының кандидаты 3. Н.Д. Иманбаева – «Астана Медицина Университеті» КеАҚ, №4 Ішкі аурулар кафедрасының доценті, медицина ғылымының кандидаты
Пәннің атауы (осы пәнге жататын циклды, оқу басылымы дайындалған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тиісті жіктеуіші бойынша кодты көрсету)	Оқу құралы 7R01112-«Ересектер мен балалар дерматовенерологиясы» бағдарламасы бойынша білім алып жатқан резиденттерге, 6B10103 - «Дерматовенерология» бағдарламасы бойынша білім алып жатқан студенттерге, дерматовенерологтарға, ревматологтарға және жалпы практика дәрігерлеріне арналған.
Құрылымы мен дизайнына қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау (Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру тәртібі туралы Ережеге сәйкес)	
Титул парағы және артқы жағы	Алдыңғы және артқы жағын ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту бойынша әдістемелік ұсынымдар талаптарына сәйкес.

	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы» ІІЖҚ РМК бекітілген және баспаханалық жолмен жариялауға рұқсат етілген (_____ жылғы № _____) РОӘК ОӘБ «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша білім алушыларға арналған оқулық ретінде ұсынылады « _____ » 2025 жылғы № _____ хаттама.
Қысқартулар тізімі	Қысқартулар, шартты белгілер, рәміздер тізбесі ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың талаптарына сәйкес.
Мазмұны	Мазмұн қысқартулар мен шартты белгілер тізімінен кейін, жаңа беттен бастап орналастырылады. «Мазмұн» сөзі бет ортасына жартылай қалың қаріппен, алғашқы әрпі бас әріптен басталып, қалғандары кіші әріппен жазылады (ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасына сәйкес).
Кіріспе	«Кіріспе» сөзі бет ортасына жартылай қалың қаріппен, алғашқы әрпі бас әріптен басталып, қалғандары кіші әріппен жазылады. Кіріспенің көлемі кемінде 1 бет болуы тиіс. Қалған бөлігі ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес.
Басылымның негізгі мәтіні	Оқу құралының «Псориаз» атты негізгі бөлігі берілген мәселенің мәнін толық қамтиды. Материалдың баяндалуы нақты құрылымдалған, мазмұны толық әрі ғылыми тұрғыдан дәлелденген. Мәтіннің, сондай-ақ кестелер мен суреттердің баяндалуында логикалық бірізділік сақталған. Оқу құралының соңында білім алушылардың білімін бағалау және өзін-өзі бағалау мақсатында тест түріндегі бақылау-өлшеу құралдары берілген. <u>Тест сұрақтарының дұрыс жауап нұсқалары тестілер тізімінің соңында келтірілуі тиіс.</u>
Қорытынды	«Қорытынды» ғылыми-медициналық әзірлемелерді әзірлеу, ресімдеу және бекіту жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың талаптарына сәйкес.
Әдебиеттер тізімі	«Пайдаланылған дереккөздер тізімі» бөлімінің атауы бет ортасына жартылай қалың қаріппен, алғашқы әрпі бас әріптен басталып, қалғандары кіші әріппен жазылуы тиіс. Қалған бөлігіне қатысты ескертулер жоқ.
Басылымды ресімдеу сапасы (қазақ, ағылшын, орыс тілдерінің нормаларын сақтау, дизайн)	Оқу құралы қазақ тілінде жазылған. Мәтіннің сауатты жазылғанын, тіл орфографиясы ережелерінің сақталғанын және стильдік қателіктердің болмауын атап өткен жөн.
Оқулықтың көлеміне қойылатын талап-кемінде 9 баспа парағы	«Псориаз» атты оқу құралы 310 беттен тұрады, бұл көлемге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.
Мазмұнға қойылатын талаптарға сәйкестігін бағалау <i>(Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің грифін беру тәртібі туралы Ережеге сәйкес)</i>	
ҚР БҒМ МЖМБС, ҚР жоғары білім беру	Оқу басылымының жұмыс тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік

біліктілігінің ұлттық шеңберіне, ҚР салалық біліктілік шеңберіне, Кәсіби стандартқа сәйкестігі тұрғысынан оқу басылымының жұмыс тұжырымдамасын бағалау;	жалпыға міндетті білім беру стандартына; Қазақстан Республикасындағы Ұлттық біліктілік шеңберіне; Қазақстан Республикасының салалық біліктілік шеңберіне, Кәсіби стандартқа толық сәйкес келеді.
Оқу басылымының мазмұнын қазіргі ғылыми деңгейге (нақты бағыт бойынша), оқытудың күтілетін нәтижелеріне; олардың қол жетімділігін бағалаудың объективті критерийлеріне сәйкестігін бағалау;	Оқу құралында псориаздың дамуының иммундық тетіктері мен аурудың әртүрлі сатыларындағы терідегі заманауи патоморфологиялық өзгерістер жан-жақты баяндалған. Псориаздың әртүрлі түрлері, оның алуан сипаты мен көпфакторлылығы сипатталып, бұл мәліметтер жоғары сапалы фотосуреттердің көп санымен көрнекі түрде көрсетілген. COVID-19 коронавирустық инфекциясының псориаз ағымына әсері де көрсетілген. Псориаздың барлық диагностикалық өлшемдері қарастырылған. Сонымен қатар псориазды емдеудің заманауи әдістері, оның ішінде әрқайсысының әсер ету механизмі сипатталған гендік-инженерлік биологиялық және нысаналы синтетикалық қабынуға қарсы дәрілік заттар келтірілген. Олардың тиімділігі мен ықтимал жанама әсерлері жөнінде мәліметтер берілген. Оқу құралының мазмұны псориаз жөніндегі қазіргі ғылыми түсініктерге толық сәйкес келеді, бұл оны дерматовенерология, ревматология және басқа да мамандықтар саласындағы резиденттер мен тәжірибелік мамандар үшін өзекті әрі сұранысқа ие оқу құралы етеді.
Теориялық білім, оны талдау және түрлендіру әдістемесі, оны қолданудың практикалық дағдылары негізінде кәсіби салаға қатысты нақты өнімді құру қабілетін қалыптастыруға бағытталуы.	Оқу құралының мазмұны мамандардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандырады, ұсынылған материалдың жоғары теориялық деңгейін қамтамасыз етеді және резиденттердің зерттеу қызметіндегі дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыруға ықпал етеді. Ғылыми ақпарат оны меңгеруге нақты мүмкіндік бере отырып баяндалған, бұл кәсіби құзыреттердің қалыптасуына жағдай жасайды. Оқу құралының құрылымы мен мазмұны резиденттердің кәсіби бағыттағы іс-әрекеттерін жүйелі және дәйекті түрде орындауына бағытталған, олардың оқу қызметін қолдайды, сондай-ақ пациентпен және пәнаралық деңгейде әлеуметтік әрі кәсіби өзара іс-қимыл жасауына мүмкіндік береді.
Оқу басылымындағы оқу материалын ұсынудың және өзектендірудің әдістемелік жүйесін, оның құзыреттілікке бағытталған білім беру технологияларына бейімделуін бағалау.	Оқу құралында оқу материалын ұсынудың жалпы қабылданған жүйесі қолданылған: тараулар бірін-бірі логикалық және бірізді түрде толықтырып отырады, мәтін иллюстрациялық материалдармен (суреттермен, кестелермен) түсіндірілген, бұл оқу құралын кәсіби білімді тереңдетуге және теория мен тәжірибенің өзара байланысын қамтамасыз етуге бағытталған нәтижеге еңбек етеді.
Оқу басылымының мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптардың сақталу дәрежесі.	Оқулықтың мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптар тиісті деңгейде сақталған.

Сараптамалық қорытынды: «Псориаз» атты оқу құралы жоғарыда келтірілген ұсыныстар мен ескертулерді ескере отырып, оқу материалы ретінде ұсынылуы мүмкін.

Шешім: «Псориаз» атты оқу құралы бекітілсін, берілген ескертулер мен ұсыныстар ескеріле отырып, баспаханалық әдіспен басып шығаруға рұқсат етілсін және мамандық бағытында Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің Оқу-әдістемелік бірлестігінің белгісін беру үшін ұсынылсын.

Сарапшылар тобы:

Сараптама тобының төрағасы,
Медициналық білім және ғылым
департаментінің директоры,
х.ғ.к. қауымдастырылған профессор, MBA



А. Мурат

Сарапшылар тобының мүшелері:

1. «Дерматовенерология» бағыты бойынша тәуелсіз сарапшы (ғылыми-медициналық сараптама жүргізу жөніндегі тәуелсіз сарапшылар базасынан)
2. Әдістемелік және техникалық қолдау тобы:

Медицина ғылымын дамыту
орталығының меңгерушісі, магистр



Г.Т. Калымжан

ҚР ДСМ «Салидат Қайырбекова
атындағы ҰҒДСДО» ШЖҚ РМК
Басқарма Төрағасының орынбасары



А.Б. Табаров